

Сұлу-Мәдине елді мекенінің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы Красная поляна ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 26 сәуірдегі N 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 мамырда N 2332 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы Красная поляна ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет ауданы Красная поляна ауылдық округі әкімінің 26.03.2014 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" қаулысына сәйкес Красная поляна ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Ірі қара малдың ауруына байланысты (туберкулез) Сұлу-Мәдине елді мекенінің аумағында туберкулез бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Н. Токушев